

- қосымша

Қазақстан Республикасы
Оқу - ағарту министрлігінің
2022 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 399 бұйрығына
1-қосымша

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған «Әліппе» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)

Түсінік хат

Оқу бағдарламасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы № 12 бұйрығымен бекітілген бастауыш және негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына (бұдан әрі – Стандарт) сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35670 болып тіркелген).

Бағдарлама құрылымы мен мазмұны жалпыдидактикалық қағидаттар және А. Байтұрсынұлының әдістемелік қағидаттары негізінде айқындалды:

- 1) дыбыспен жаттығу;
- 2) әрбір дыбыстың сөз жасаудағы қызметін есепке алу;
- 3) оңайдан қиынға, жеңілден күрделіге өту;
- 4) білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу.

Әріпті таныту реті А. Байтұрсынұлының еңбектерімен қатар лингвист және әдіскер ғалымдардың зерттеулеріне сүйеніп, олардың мәтінде кездесу жиілігіне, өзара тіркесімі мен сөзжасау қызметіне қарай құрылды.

«Әліппе» оқу пәнінің мазмұнын әзірлеуде оқыту мен тәрбиенің бірлігін қамтамасыз ету үшін Стандартта белгіленген базалық құндылықтар мен мазмұндық концептілер басшылыққа алынады.

«Әліппе» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны бастауыш білім беру бағдарламасын аяқтаған білім алушының бойында тұлғаның өзін-өзі жетілдіру, тілдік және коммуникативтік, мәдени-әлеуметтік, еңбек, оқу-танымдық, зерттеушілік, ақпараттық-технологиялық түйінді құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағдарланады.

«Әліппе» оқу пәнінің мақсаты: дыбысты ажырату, әріпті таныту, оқуға, жазуға үйрету, ұлттық құндылықтар негізінде білімге ынталы жеке тұлғаны қалыптастыру.

«Әліппе» оқу пәнінің міндеттері:

- 1) оқу әрекетіне бейімдеу;
- 2) дыбыс, буын, сөз, сөйлем, мәтін (сөйлеу) туралы қарапайым түсінік (ажырату, салыстыру, топтастыру және талдау) қалыптастыру;
- 3) дыбыс пен әріпті (баспа және жазба түрлері) таныту;
- 4) оқу (буындап оқу, тұтас оқу, дұрыс оқу, түсініп оқу, мәнерлеп оқу) және жазу дағдыларын қалыптастыру;
- 5) коммуникативтік әрекет түрлерін жетілдіру, сөздік қорын байыту;
- 6) ана тіліне, Отанына, халқына, оның мәдениеті мен салт-дәстүріне құрметпен қарай білуге үйрету, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіру.

«Әліппе» оқу пәні оқу мен жазу жұмыстарының кіріктірілуімен және кезеңдерге бөлініп берілуімен ерекшеленеді.

«Әліппе» оқу пәнінің мазмұны І жартыжылдықта «Әліппе» оқулығы арқылы жүзеге асырылады және сауат ашудың екі кезеңі (әліппеге дейінгі кезең, әліппе кезеңі) бойынша ұйымдастырылады.

Әліппеге дейінгі кезеңнің міндеттері:

- 1) оқу әрекетіне қызығушылығын ояту;
- 2) сөйлеу, сөйлем, сөз, буын, дыбыс туралы қарапайым түсінік қалыптастыру;
- 3) сөйлем, сөз, буын, дыбыс сызба-модельдерін ажырату және қолдану дағдыларын қалыптастыру;
- 4) сөзге дыбыстық талдау жүргізу: сөздегі буын санын анықтау, екі және үш буынды сөз құрамындағы дыбыстарды анықтау; дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату;
- 5) жазуға дайындық кезеңінде қолдың ұсақ моторикасын дамыту (бояу, сурет салу, түрлі бағытта сызықтар жүргізу, сызба салу, әріп элементтерін жазу);
- 6) тыңдай білуге және қарапайым сұрақты түсінуге, сұраққа жауап беруге үйрету.

Ескерту: тыңдалым материалының көлемі 10 сөйлемнен, өлең шумақтары 3-тен аспауы керек.

Әліппе кезеңінің міндеттері:

- 1) қазақ әліпбиінің дыбыс пен әріптерін таныту, дыбыстарды дұрыс дыбыстауға жаттықтыру;
- 2) дауысты және дауыссыз дыбыс түрлерін ажыратуға дағдыландыру;
- 3) әріптердің баспа және жазба түрлерін таныту;
- 4) дыбыстан буын, буыннан сөз, сөзден сөйлем құрауға, жазуға және оқуға үйрету;
- 5) дұрыс, буындап және жүргізіп оқу дағдыларын қалыптастыру;
- 6) әріптердің байланысын сақтап, көркем жазу дағдыларын қалыптастыру;
- 7) сөздік қорын байыту, өз ойын жеткізе білуге баулу;
- 8) тыныс белгі түрлерін (нүкте, сұрау белгісі, леп белгісі, үтір) қолдануға жаттықтыру;
- 9) отбасына, Отанға, қазақ халқының салт-дәстүрі мен мәдениетіне құрмет пен мақтаныш сезімін ояту.

Ескерту: I жартыжылдық бойынша жазба жұмыстарының көлемі: әліппеге дейінгі кезеңде графикалық диктант – 1-3 таңба, әліппе кезеңінде әріптік диктант – 3-5 әріп, буын диктанты – 3-6 буын, сөздік диктант – 2-5 сөз, диктант – 3-12 сөз. Жазба жұмыстарының санын мұғалім білім алушылардың меңгеру деңгейі мен қажеттілігіне орай айқындайды. Жазба жұмыстарын күнделікті жүйелі ұйымдастыру ұсынылады.

1-параграф. Оқу процесін ұйымдастыру

1. «Әліппе» оқу пәні бойынша оқу процесін ұйымдастыру білім мен тәрбиенің біртұтастығы, білім алушының жас ерекшелігіне сәйкестігі, оңайдан қиынға, жеңілден күрделіге, жүйелілік, сабақтастық, бірізділік дидактикалық қағидаттарына негізделеді.

2. Оқу процесі білім алушылардың ынтасын, білімге құштарлығын арттыратын, эмоционалдық көңіл-күйіне, денсаулығына оң ықпал ететін заманауи білім беру технологиялары мен ресурстарын, әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы іске асырылады.

3. «Әліппе» оқу пәні бойынша оқу жүктемесі аптасына 6 сағаттан, барлығы I жартыжылдықта 96 сағатты құрайды.

4. «Әліппе» оқу пәнін оқыту сауат ашудың екі кезеңі бойынша (әліппеге дейінгі кезең – 12 сағат, әліппе кезеңі – 84 сағат) ұйымдастырылады.

5. Әліпбидегі әріптер мен әрбір әріптің дыбыстық мәнін, қарапайым тілдік ұғым мен түсініктерді меңгерту жүйесі мен сағат саны:

1) 1-тоқсан: тілдік ұғымдар туралы қарапайым түсінік (сөйлеу дағдылары) (әліппеге дейінгі кезең) – 12 сағат;

а, р, л, у, н, бекіту (2 сағ) – 12 сағат;

с, о, т, қ, ы, з, м, е, д, ш, ұ, бекіту (2 сағ) – 24 сағат;

2) 2-тоқсан: б, й, к, і, н, ғ, ж, ә, п, ү, бекіту (3 сағ) – 24 сағат;

ө, г, и, я, ю, х, һ, щ, в, э, ё, ц, ф, ч, ь-ъ, әліпби – 2 сағ, бекіту (4 сағ) – 24 сағат.

Ескерту: н – 3 сағат, я, ю, х, һ, щ, в, э, ё, ц, ф, ч, ь-ъ 1 сағаттан; қалған дыбыс пен әріпке 2 сағаттан беріледі. Әріптер оқу бағдарламасында берілген ретпен оқытылады.

6. «Әліппе» оқу пәнінің мазмұны психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың ұсынымдарына сәйкес ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар үшін олардың мүмкіндіктерін ескере отырып бейімделеді.

2-параграф. Оқу пәнінің мазмұны

7. «Әліппе» оқу пәні бойынша базалық білім мазмұны оқу мақсаттары түрінде тұжырымдалған күтілетін нәтижелерді айқындауға негіз болады.

8. «Әліппе» оқу пәнінің мазмұны:

1) қазақ тілінің дыбыстық және әріптік жүйесінен;

- 2) негізгі тілдік бірліктерден (дыбыс, буын, сөз, сөйлем, мәтін);
- 3) қазақ тілі бойынша қарапайым грамматикалық дағдылардан;
- 4) орфоэпиялық, орфографиялық, пунктуациялық нормалар туралы қарапайым түсініктерінен тұрады.

9. Пәннің базалық білім мазмұны «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасына және Стандартта берілген құндылықтар мен мазмұндық концептілерге (адам, ар-ұждан, намыс, отбасы, Отан, тіл, мәдениет, білім, еңбек, табиғат) бағдарланады және солардың негізінде білім мен тәрбиенің біртұтастығын қамтамасыз ететін тақырыптар жүйесі түзіледі. Тақырыптар жүйесі білім алушының жас ерекшелігіне сәйкес, қарапайымнан күрделіге қарай іріктеледі.

10. Білім мазмұнында білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу, оны тәжірибеде қолдана білу, функционалдық сауаттылықты қалыптастыру қамтамасыз етіледі.

11. «Әліппе» оқу пәнінің базалық мазмұны тілдік білім негізінде меңгертіліп, сөйлеу әрекетінің түрлері (тыңдалым және айтылым, оқылым, жазылым) арқылы жүзеге асырылады.

Тыңдалым және айтылым:

1) мұғалімнің, өзге білім алушылардың сөзін тыңдай білу, тыңдалым мәнін түсіну, сұраққа дұрыс әрі нақты жауап беру; коммуникативтік мақсаттарына сәйкес қарым-қатынас дағдыларын көрсету;

2) ертегі айту; өлең, санамақ, мақал-мәтел, жаңылтпаш, жұмбақты жатқа айту;

3) дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата білу; буын, сөзді буынға бөлу;

4) дыбыстың әріппен таңбалануы; сөздің дыбыстық және әріптік құрамының сәйкестігін/ сәйкес еместігін анықтау;

5) сөздік қорын байыту; сөзді тіркестіре білу, сөйлем және шағын мәтін (сюжетті суреттер бойынша әңгіме құрау; көрген-білгені, естігені туралы әңгімелеу) құрай білу;

6) күнделікті қарым-қатынаста сөз әдебін (сәлемдесу, алғыс білдіру, кешірім сұрау, өтініш айту, рұқсат сұрау, қоштасу) қолдану.

Ескерту: тыңдалым материалының көлемі: 30 сек - 1 мин.

Оқылым:

1) сөздер мен сөйлемдердің құрылымын сызба арқылы түсініп, тани білу (сөздегі буын санын, сөйлемдегі сөз санын анықтау);

2) сөздің мағынасын, сөйлемде айтылған ойды түсіну;

3) қазақ тіліндегі жұп дыбыстардың (а-ә, о-ө, ұ-ү, ы-і, л-р, н-ң, с-з, с-ш, ж-ш, п-б, к-қ, г-ғ) ерекшеліктерін тану, өзге тілден енген сөздерде кездесетін дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету;

4) сөйлемді (2-6 сөз), мәтінді (4-10 сөйлем) түсініп, дауыстап оқу;

5) буындап оқудан сөзді жүргізіп, қатесіз оқуға үйрету.

Ескерту: оқуға берілген мәтіннің көлемі әліппе кезеңінің басында 4-6 сөйлемнен, соңында 10 сөйлемнен аспауы керек. Әр сөйлемдегі сөздердің саны 2-6-дан аспауы керек.

Жазылым:

1) жазуға дайындық (дұрыс отыру, жарықтың дұрыс түсуі, дәптердің көлбеу орналасуы және жазу кезінде қарындаш/қаламды ұстай білу); парақтағы кеңістікті бағдарлай білу (жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жазу жолының жоғарғы және төменгі сызықтары мен тік көлбеу сызықтардан шықпау); сурет салу, штрихтау, бастыра жазу, әріп элементтерін жазу;

2) сурет бойынша сөз құрастыру, берілген сөздерден сөйлемдер құрастыру, сөйлемдегі сөздердің санын анықтау, сөйлемдердің графикалық модельдерін құру;

3) көркем жазу нормаларын сақтай отырып, әріп элементтерін, бас және кіші әріптерді, буын, сөз құрамындағы әріптерді байланыстырып жазу;

4) сөйлемнің басындағы сөзді бас әріптен жазу, сөйлем ішінде сөздердің бөлек жазылуы, сөйлемнің соңына тыныс белгісін қою;

5) қарапайым сұрақтарға жазбаша жауап беру, хат жазу, сюжетті сурет бойынша шағын мәтін құрастыру;

6) әріптерден сөз құрап, тыңдау және есте сақтау арқылы сөздерді жазу дағдыларын қалыптастыру.

3-параграф. Оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелерге бағдарланған оқу мақсаттары

12. Оқу бағдарламасында оқу пәнінің мазмұнын меңгертуде білім алушылардың пәндік құзыреттіліктерін, функционалдық сауаттылығын, тілдік дағдыларын дамыту оқу мақсаттарының жүйесінде қарастырылады.

13. Оқу мақсаттары бөлім бойынша берілген:

1) тыңдалым және айтылым:

Бөлімше (түйінді дағдылар)	Оқу мақсаттары
1.1 Тыңдаған материал мазмұнын түсіну	1.1.1.1 бастапқы тілдік ұғымдар сөйлеу, сөйлем, сөз, буын, дыбыс туралы түсіну; 1.1.1.2 тыңдаған материалдың кім (не) туралы екенін түсіну
1.2 Сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу	1.1.2.1 сөз әдебін сақтап, өтініш пен тілегін (сәлемдесу, алғыс білдіру, кешірім сұрау, өтініш айту, рұқсат сұрау, қоштасу) білдіру
1.3 Берілген тақырып бойынша әңгіме құрау	1.1.3.1 сюжетті суреттер негізінде үлгі бойынша шағын әңгіме құрау
1.4 Тыңдалған материал бойынша өз пікірін айту	1.1.4.1 аудиовизуалды материал мазмұны бойынша өз ойын (ұнайды/ ұнамайды, себебі ...) айту, алған әсерін айту
1.5 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаға сәйкес айту	1.1.5.1 сөздің дыбыстық-буындық құрамын анықтап, дыбыс түрлерін (дауысты, дауыссыз) ажырату және сызбасын модельдеу;

	1.1.5.2 дауысты дыбыстардың буын құрайтынын білу, сөздегі буын санын анықтау; 1.1.5.3 дыбыстың мағына ажыратушылық қызметін түсініп, сөздің мағынасын білу
1.6 Тыңдарманның назарын аудару	1.1.6.1 сөйлеу барысында дауыс ырғағын, екпін, әуен, қарқын, кідірісті сақтау, ойды ым-ишара, қимыл арқылы жеткізу

2) оқылым:

Бөлімше (түйінді дағдылар)	Оқу мақсаттары
2.1 Оқу түрлерін қолдану	1.2.1.1 сөйлем, сөз, буын, дыбыстың графикалық сызбасын «оқу» және модельдеу; 1.2.1.2 дыбыс пен әріпті бір-бірінен ажырату, әріпті танып, модельдеу; 1.2.1.3 сөздерді буындап, тұтас әрі, қатесіз оқу, жүргізіп оқу, түсініп оқу
2.2 Мәтіндегі лексикалық бірліктер, әдеби көркемдегіш құралдардың қолданылуын түсіну	1.2.2.1 мұғалімнің қолдауымен сөздердің мағынасын (мәндес; мағынасы қарама-қарсы; айтылуы бірдей, мағынасы әртүрлі сөздер) ажырату және қолдану
2.3 Мәтін мазмұны бойынша сұрақ қою және жауап беру, мазмұнын айту	1.2.3.1 сюжетті сурет пен мәтіннің мазмұны бойынша сұрақ (кім? не? қандай? не істеді?) құрастыру және сұраққа жауап беру; 1.2.3.2 көмекші құралдар (тірек сызба, сюжетті сурет, оқиға картасы) арқылы оқиғаның ретін сақтай отырып баяндау, сахналау
2.4 Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау	1.2.4.1 мұғалімінің қолдауымен мәтін мазмұны кім (не) туралы екенін анықтау
2.5 Мәтіннің жанрын анықтау	1.2.5.1 мұғалімнің қолдауымен ауыз әдебиеті үлгілерінің (жаңылтпаш, жұмбақ, санамақ, мақал-мәтел, өлең, ертегі) басты элементтерін тану

3) жазылым:

Бөлімше (түйінді дағдылар)	Оқу мақсаттары
3.1 Каллиграфиялық нормаларды сақтау	1.3.1.1 жазу жолын, жол аралығын, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріптің және әріптердің өзара байланысу элементтерін дұрыс жазу
3.2 Пунктуациялық нормаларды сақтау	1.3.2.1 сөйлемді бас әріппен бастап көшіріп жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгіні қою

3.3 Ақпаратты түрлі формада ұсыну	1.3.3.1 мұғалім қолдауымен ақпаратты сурет, графикалық кескін, тірек сөз түрінде ұсыну
3.4 Түрлі стильде мәтін жазу	1.3.4.1 мұғалімнің қолдауымен хат жазу
3.5 Қатені табу және түзету	1.3.5.1 сөз, сөйлемді мұғалімнің қолдауымен тексеру, үлгі негізінде қатені түзету

4) тілдік норманың қолданысы:

Бөлімше (түйінді дағдылар)	Оқу мақсаттары
4.1 Орфографиялық және орфоэпиялық нормаларды сақтау	1.4.1.1 айтылуы мен жазылуы бірдей сөздерді есту және есте сақтау арқылы жазу; жай сөйлемді (диктант) жазу
4.2 Грамматикалық нормаларды сақтау	1.4.2.2 сөйлеу барысында жалғауларды (терминсіз) дұрыс қолдану

Оқу мақсаттары кодпен белгіленеді. Кодтық белгідегі бірінші цифр сыныпты, екінші және үшінші цифрлар бөлім мен бөлімшені, төртінші цифр оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 1.2.1.1 кодында: «1» сынып, «2» бөлім, «1» бөлімше, «1» оқу мақсатының реттік саны.

14. Бөлімді және тақырыптарды оқытуға арналған сағат санын педагог бөледі.

15. «Әліппе» оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелер білім алушылардың пәндік, метапәндік және түйінді құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейімен айқындалады.

Білім алушылардың пәндік құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейі

Әліппеге дейінгі кезең бойынша күтілетін нәтижелер:

1) сөйлеу, сөйлем, сөз, буын, дыбыс туралы бастапқы тілдік ұғымдарды түсінеді;

2) сұрақты тыңдайды және не туралы екенін түсінеді, сұраққа жауап береді;

3) сөйлем, сөз, буын, дыбыстың графикалық сызбасын таниды;

4) сөзге дыбыстық талдау жасайды;

5) визуалды құралдар (тірек сызба, сюжетті сурет) арқылы оқиғаның ретін сақтай отырып баяндайды;

6) тыңдаған шағын мәтіннің кім (не) туралы екенін түсінеді;

7) сөйлеу барысында дауыс ырғағын, екпін, әуен, қарқын, кідірісті сақтап, ойды ым-ишара, қимыл арқылы жеткізе бастайды

Әліппе кезеңі бойынша күтілетін нәтижелер:

1) дыбыс пен әріпті таниды, оларды бір-бірінен ажыратады;

2) мәтіннен сөйлемді, сөйлемнен сөзді, сөзден буынды, буыннан дыбысты бөледі, жаңа үйренген дыбысты анықтайды;

3) дауысты дыбыстардың буын құрайтынын біледі, сөздегі буын санын анықтайды;

4) оқу түрлерін (буындап оқу, сөздерді тұтас оқу, мәнерлеп оқу) қолданады, түсініп оқиды;

5) дыбыстарды дұрыс дыбыстайды, оның мағына ажыратушы қызметін түсінеді;

6) сызба-модель, сурет, қарапайым инфографика белгілері арқылы сөз, сөйлем, шағын мәтін құрастырады;

7) сөйлеу барысында жалғауларды дұрыс қолданады;

8) мәтін кім (не) туралы екенін түсініп, мазмұны бойынша өз ойын білдіреді;

9) мұғалімнің қолдауымен мәтіннің, сюжетті суреттің мазмұны бойынша сұрақ қоя алады, сұраққа жауап береді;

10) сөйлемді бас әріптен бастап жазып, соңына тиісті тыныс белгісін қояды;

11) айтылуы мен жазылуы бірдей сөздерді есте сақтап, естуі бойынша жазады;

12) сөйлеу барысында дауыс ырғағын, екпін, әуен, қарқын, кідірісті сақтап, ойды ым-ишара, қимыл арқылы жеткізеді;

13) үлгі бойынша шағын хат жазады;

14) көркем жазу талаптарына сай жазу жолы, жол аралығын, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріптің, әріптердің өзара байланыс элементтерін сақтап жазады.

Білім алушылардың метапәндік құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейі

Әліппеге дейінгі кезең бойынша күтілетін нәтижелер:

1) мұғалімді және сыныптастарын тыңдайды;

2) нұсқаулықты түсініп, соған сай әрекет етеді;

3) сұраққа жауап береді;

4) заттарды салыстыра біледі (ұқсастығы мен айырмашылығын табады);

5) әдепті сөйлеу нормаларын сақтайды;

6) жұппен жұмыс істеу кезінде ынтымақтастық танытады;

7) оқу құралдарын дұрыс пайдаланады.

Әліппе кезеңі бойынша күтілетін нәтижелер:

1) мұғалімді және сыныптастарын мұқият тыңдайды;

2) қарапайым ережелер мен нұсқауларды орындайды;

3) сұрақ қояды және жауап береді;

4) қарапайым тапсырмаларды өз бетінше орындайды;

5) әңгімеге қатысып, өз пікірін білдіреді;

6) жаңа нәрсені үйренуге қызығушылық танытады;

7) уақытты тиімді пайдалануды үйрене бастайды;

8) топпен жұмыс істеу кезінде ынтымақтастық танытып, құрдастарымен достық қарым-қатынас орнатады.

Білім алушылардың түйінді құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейі бойынша күтілетін нәтижелер:

1) сыныпта тәртіп сақтайды;

2) өз іс-әрекетіне баға беруді үйренеді;

3) өзінің көңіл күйін сипаттай алады;

- 4) сыныптастарына қолдау көрсетіп, көмектеседі;
- 5) ана тілін, Отанын, халқын, мәдениеті мен салт-дәстүрін құрметтейді;
- 6) еліміздің рәміздерін (Әнұран, Елтаңба, Ту) біледі.

16. Осы оқу бағдарламасы Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған «Әліппе» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес іске асырылады.

**4-параграф. Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған
«Әліппе» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру
жөніндегі ұзақ мерзімді жоспары**

Бөлім (сөйлеу әрекетінің түрлері)	Бөлімше (түйінді дағдылар)	Оқу мақсаттары
Әліппеге дейінгі кезеңі (12 сағ)		
1. Тыңдалым және айтылым	1.1 Тыңдалған материал мазмұнын түсіну	1.1.1.1 бастапқы тілдік ұғымдар сөйлеу, сөйлем, сөз, буын, дыбыс туралы түсіну; 1.1.1.2 тыңдаған материалдың кім (не) туралы екенін түсіну
	1.2 Сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу	1.1.2.1 сөз әдебін сақтап, өтініш пен тілегін (сәлемдесу, алғыс білдіру, кешірім сұрау, өтініш айту, рұқсат сұрау, қоштасу) білдіру
	1.3 Берілген тақырып бойынша әңгіме құрау	1.1.3.1 сюжетті суреттер негізінде үлгі бойынша шағын әңгіме құрау
	1.4 Тыңдалған материал бойынша өз пікірін айту	1.1.4.1 аудиовизуалды материал мазмұны бойынша өз ойын (ұнайды/ ұнамайды, себебі ...) айту, алған әсерін айту
	1.5 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаға сәйкес айту	1.1.5.1 сөздің дыбыстық-буындық құрамын анықтап, дыбыс түрлерін (дауысты, дауыссыз) ажырату және сызбасын модельдеу; 1.1.5.2 дауысты дыбыстардың буын құрайтынын білу, сөздегі буын санын анықтау
2. Оқылым	2.1 Оқу түрлерін қолдану	1.2.1.1 сөйлем, сөз, буын, дыбыстың графикалық сызбасын «оқу» және модельдеу
	2.3 Мәтін мазмұны бойынша сұрақ қоя және жауап	1.2.3.1* сюжетті сурет пен мәтіннің мазмұны бойынша сұрақ (кім? не?

	беру, мазмұнын айту	қандай? не істеді?) құрастыру және сұраққа жауап беру; 1.2.3.2 көмекші құралдар (тірек сызба, сюжетті сурет, оқиға картасы) арқылы оқиғаның ретін сақтай отырып баяндау, сахналау
3. Жазылым	3.1 Каллиграфиялық нормаларды сақтау	1.3.1.1* жазу жолын, жол аралығын, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріптің және әріптердің өзара байланысу элементтерін дұрыс жазу
Әліппе кезеңі (84 сағ)		
1. Тыңдалым және айтылым	1.1 Тыңдалған материал мазмұнын түсіну	1.1.1.1 бастапқы тілдік ұғымдар сөйлеу, сөйлем, сөз, буын, дыбыс туралы түсіну; 1.1.1.2 тыңдаған материалдың кім (не) туралы екенін түсіну
	1.3 Берілген тақырып бойынша әңгіме құрау	1.1.3.1 сюжетті суреттер негізінде үлгі бойынша шағын әңгіме құрау;
	1.4 Тыңдалған материал бойынша өз пікірін айту	1.1.4.1 аудиовизуалды материал мазмұны бойынша өз ойын (ұнайды/ ұнамайды, себебі ...) айту, алған әсерін айту
	1.5 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаға сәйкес айту	1.1.5.1 сөздің дыбыстық-буындық құрамын анықтап, дыбыс түрлерін (дауысты, дауыссыз) ажырату және сызбасын модельдеу; 1.1.5.2 дауысты дыбыстардың буын құрайтынын білу, сөздегі буын санын анықтау; 1.1.5.3 дыбыстың мағына ажыратушылық қызметін түсініп, сөздің мағынасын білу
	1.6 Тыңдарманның назарын аудару	1.1.6.1 сөйлеу барысында дауыс ырғағын, екпін, әуен, қарқын, кідірісті сақтау, ойды ым-ишара, қимыл арқылы жеткізу
2. Оқылым	2.1 Оқу түрлерін қолдану	1.2.1.1 сөйлем, сөз, буын, дыбыстың графикалық сызбасын «оқу» және модельдеу; 1.2.1.2 дыбыс пен әріпті бір-бірінен ажырату, әріпті танып, модельдеу; 1.2.1.3 сөздерді буындап, тұтас әрі, қатесіз оқу, жүргізіп оқу, түсініп оқу
	2.2 Мәтіндегі лексикалық бірліктер, әдеби көркемдегіш	1.2.2.1 мұғалімнің қолдауымен сөздердің мағынасын (мәндес; мағынасы қарама-қарсы; айтылуы бірдей, мағынасы әртүрлі сөздер) ажырату және қолдану

	құралдардың қолданылуын түсіну	
	2.3 Мәтін мазмұны бойынша сұрақ қою және жауап беру, мазмұнын айту	1.2.3.1 сюжетті сурет пен мәтіннің мазмұны бойынша сұрақ (кім? не? қандай? не істеді?) құрастыру және сұраққа жауап беру; 1.2.3.2 көмекші құралдар (тірек сызба, сюжетті сурет, оқиға картасы) арқылы оқиғаның ретін сақтай отырып баяндау, сахналау
	2.4 Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау	1.2.4.1 мұғалімінің қолдауымен мәтін мазмұны кім (не) туралы екенін анықтау
	2.5 Мәтіннің жанрын анықтау	1.2.5.1 мұғалімнің қолдауымен ауыз әдебиеті үлгілерінің (жаңылтпаш, жұмбақ, санамақ, мақал-мәтел, өлең, ертегі) басты элементтерін тану
3. Жазылым	3.1 Каллиграфиялық нормаларды сақтау	1.3.1.1 жазу жолын, жол аралығын, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріптің және әріптердің өзара байланысу элементтерін дұрыс жазу
	3.2 Пунктуациялық нормаларды сақтау	1.3.2.1 сөйлемді бас әріппен бастап көшіріп жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгіні қою
	3.3 Ақпаратты түрлі формада ұсыну	1.3.3.1 мұғалім қолдауымен ақпаратты сурет, графикалық кескін, тірек сөз түрінде ұсыну
	3.4 Түрлі стильде мәтін жазу	1.3.4.1 мұғалімнің қолдауымен хат жазу
	3.5 Қатені табу және түзету	1.3.5.1 сөз, сөйлемді мұғалімнің қолдауымен тексеру, үлгі негізінде қатені түзету
4. Тілдік нормалардың қолданысы	4.1 Орфографиялық және орфоэпиялық нормаларды сақтау	1.4.1.1 айтылуы мен жазылуы бірдей сөздерді есту және есте сақтау арқылы жазу; жай сөйлемді (диктант) жазу
	4.2 Грамматикалық нормаларды сақтау	1.4.2.2 сөйлеу барысында жалғауларды (терминсіз) дұрыс қолдану